ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 4 қыркүйек Іс №1513-25-00-2/1882 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.С.Жұбатова,
сот отырысының хатшысы А.Абдраева отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы №2 қалалық аурухана мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Дана» Теміртай Дана Мұхтарқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
-мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2025 жылғы 4 сәуірінде «Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы №2 қалалық аурухана мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны /тапсырыс беруші/ мен жеке кәсіпкер «Дана» Теміртай Дана Мұхтарқызы /өнім беруші/ арасында «Бағалы ұсыныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде №60 мемлекеттік сатып алу шарты жасалған.

Өнім беруші шарттың №1 қосымшасына және техникалық ерекшелікке сәйкес, жалпы сомасы 569 211 теңгеге келісім шарт қол қойылғаннан кейін 20 күнтізбелік күн ішінде мөрлеу құрлығысынды жеткізуге міндеттелген.

Сөйтіп, 2025 жылғы 24 сәуірге дейін тауарды жеткізуге міндеттелген.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы жауапкермен енгізілген.

Жауапкер тарапынан шарттық міндеттемелер орындалмаған.

Келісім шарт 2025 жылғы 30 маусымда бұзылды.

Құжатқа қол қойылған: Жұбатова Ж. С., 11.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 17.10.2025, судья Жұбатова Ж. С., 22.10.2025
1513-25-3-1/2482

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды талап еткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Талап қоюшыдан осы талап қоюды олардың қатысуынсыз қарау туралы арыз түсі.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті хабарландырылғанымен жауапкер белгісіз себептермен сот отырысына қатысқан жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының 6-бөлігінің (әрі қарай-АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі тараптардың қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағына сәйкес, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы сотқа аталған талап қоюымен уақытылы жүгінген.

Сотта жауапкермен шарттық міндетін орындамағаны анықталды.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 1966 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

Құжатқа қол қойылған: Жубатова Ж. С., 11.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 17.10.2025, судья Жубатова Ж. С., 22.10.2025
1513-25-3-1/2482

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы №2 қалалық аурухана мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Дана» Дана Мұхтарқызы Теміртай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Дана» Дана Мұхтарқызы Теміртайдан жергілікті бюджетке 1966 /бір мың тоғыз жүз алпыс алты/ теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Ж.С.Жұбатова

Құжатқа қол қойылған: Жубатова Ж. С., 11.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.10.2025, судья Жубатова Ж. С., 22.10.2025